



Орталық Азия Евразия қоры

Жылдық есеп 2021 жыл



ОАЕК командасынан бір сөз

Құрметті оқырман,

Пандемия мен оның жағымды да, жағымсыз салдары бүгінде шынайы өмірімізге айналды.

Командамыз пандемия мен басқа да төтенше жағдай кезінде жұмысты тиімді жоспарлау жолын әлі іздеп келеді. Мысалы, «Қоғамдық кеңістік» жобасы онлайн форматының арқасында жергілікті халыққа ыңғайлы болып отыр. Бірақ «Қолжетімді Қазақстан» жобасының серіктестері карантин шектеулері кесірінен жоспарлаған объектілерінің бәріне қаншалықты еркін кіруге болатынын бақылап үлгермеген.

2020 жылдан бері Qolda бағдарламасы аясында пандемия салдарын барынша азайту мақсатындағы қаржыландыруға өтінім беру мен есеп беруді оңтайландырдық. Сондай-ақ биыл әйелдер құқығын қорғау саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдарға икемді қаржыландыру жоспарын ұсынып отырмыз. Ұйым грантты қалай: жобаға, ағымдағы жұмыс барысына немесе институттық дамуына жұмсайтынын өзі таңдайды.

Кей донорлар әлеуметтік мәселелерді икемді жолмен шешуді жақсарту мақсатында контексті жақсырақ түсіндіу және жобаға өзгерту енгізу мүмкіндігін қалыптастыру үшін жоба дизайнына дайындық немесе пилот кезеңін қосуды ұсынып отыр.

2021 жылы бізге әлемдік Global Research and Consulting университеттері мен АҚШ пен Қазақстанның 6 тәлімгері ақысыз түрде онлайн көмектескен.

Бүгінде ақыл-ой саулығы мен жеке адам мен ұйымның тұрақты дамуы мүмкіндігі жайында көп айтып жүрміз. Қоғамдағы мәселелерді тиімді жолмен шешу жолындағы мақсатымызда табанды болып, осы мақсатқа қажет ресурстарды қолданып келеміз.

Сізге пайдамыз тигеніне және кері байланысыңызға әрдайым қуанамыз.

Сақтанып жүріңіз,

ОАЕК командасы

01

02

03

04

05

06

07

08

Қор жайында

Орталық Азия Евразия қоры – Қазақстанда 2005 жылы тіркелген қоғамдық ұйым.

Мақсатымыз

ОАЕҚ азаматтарға ұлттық және өңірлік деңгейлерде қоғамдық мәселелердің тиімді шешімдерін табуға және ілгерілетуге көмектесе отырып, қоғамдық және жеке ресурстарды жұмылдырады.



12

жобаны Қор 2021 жылы Қазақстан мен Орталық Азияда жүзеге асырған

44,5

бенефициар, соның ішінде әлеуметтік аз қамтылған топтар, үкіметтік емес ұйымдар, бастамашыл топтар, дағдарыс орталықтары, жастар мен әйелдер қолдаған

25

Қорда жобаны басқару, коммуникация, бухгалтерлік есеп саласының маманы жұмыс істейді

01

02

03

04

05

06

07

08

Біздің бағытымыз



Жастар және білім беру



Осал топтарға көмек



Азаматтарды қамту және тиімді басқару



Әлеуметтік кәсіпкерлік

Бізбен бірге

01 Корпоративтік сектор



techsoup

ALSTOM

02 Халықаралық ұйымдар мен елшіліктер



ОБСЕ Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе. Офис программы в Нур-Султане



03 Бізбен және бізден грант алғандармен бірге жұмыс істеп жатқан мемлекеттік органдар

ҚР Парламенті Мәжілісі, ҚР Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі, ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының аймақтарындағы облыс, аудан, ауыл әкімдіктері, ТЖ департаменттері, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, жастар ресурстық орталықтары және т.б.

01
02
03
04
05
06
07
08

ОАЕК-ның 2021 жылғы жылдық есебі

Қамқоршылар кеңесі және ұйым құрылымы

Қамқоршылар кеңесі

Назир Шарифи | Gazpetro Poland компаниясының Стратегиялық даму департаментінің директоры

Лиза Колл | Еуразия қорының президенті, байқаушы

Иван Апанасевич | Евразия Қоры Өкілдігі басшысының орынбасары

Касым Абжанов | Lancaster Group Директорлар кеңесінің мүшесі

Динара Мусабекова | Орталық Азия университеті азаматтық қоғам бастамасының директоры

Азалия Дайирбекова | Евразия Қорының Алматыдағы жобалау кеңсесінің жетекшісі

Адалят Абдуманапова | IFC бағдарламасының экологиялылығы, әлеуметтік мәселелері және Еуропа мен Орталық Азиядағы корпоративтік басқару жөніндегі үйлестірушісі

Ұйым құрылымы

Бөлімдері



Жобалау
бөлімі



Грант
бөлімі



Даму
бөлімі



Бухгалтерия

Директоры

Ринад
Темирбеков

ОАЕК-ның 2021 жылғы жылдық есебі

Жыл қызметкерлері

Наши ценности остаются неизменными и все номинации, как всегда, для тех сотрудников, которые наилучшим образом продемонстрировали приверженность ценностям ФЕЦА.

1. Сагындык Жадыра | Уважение | Мы дорожим многообразием мнений других людей и относимся к нашим коллегам и партнерам с уважением






2. Динара Нурушева | Профессионализм | Мы ответственны за успех наших программ. Постоянно обучаясь, мы стараемся повысить нашу эффективность и результативность

3. Виталий Цой | Предприимчивость | Мы проявляем инициативу в определении ключевых проблем и поиске инновационных, креативных способов решения

4. Алма Шолпанкулова | Сотрудничество | Мы практикуем работу в команде, как лучший способ решения комплексных проблем. Мы активно сотрудничаем с государственными органами, бизнес-структурами, гражданским сектором и местными сообществами

5. Лаура Бектемирова | Приз зрительских симпатий

6. Айгерим Абдуллаева | Приз зрительских симпатий



01
02
03
04
05
06
07
08


ОАЕК-ның 2021 жылғы жылдық есебі

ОАЕК бюджеті (1/3)

ОАЕК бюджеті көздері



Бағыттар бойынша Бюджет (миллион теңгемен)




01
02
03
04
05
06
07
08

ОАЕК-ның 2021 жылғы жылдық есебі

ОАЕК бюджеті (2/3)

Толық бюджет (миллион теңгемен)




- Жоба бойынша шығыстар - 395 млн
- Персоналға (бағдарламалық персоналға) арналған шығыстар - 159 млн
- Персоналға (әкімшілік персоналға) арналған шығыстар - 42 млн
- Басқа да тұрақты шығыстар (коммуналдық қызметтер, офистік шығыстар, аудит) - 13 млн
- Активтер (жабдық, жиһаз) - 3 млн

01
02
03
04
05
06
07
08

ОАЕК-ның 2021 жылғы жылдық есебі

ОАЕК бюджеті (3/3)

Өтінім саны



Өтінім саны 2020 жылмен салыстырғанда **17% азайған**, бірақ мақұлданған өтінім саны **100% артқан**. 2021 жылғы бұл өсім команда донорлармен жұмыс сапасын жақсартып, мықты тұстарын тиімді қолдана отырып өтінімдерді дәл анықтай алғанының арқасы.

2022 жылы ОАЕК бюджетін диверсификациялауды, басталған жобаларға қосалқы қаражат тартуды мақсат тұтып отырмыз.

Біздің жобалар



Жастар және білім

Орталық Азия жастар
көшбасшылығы
академиясы

Келешек техниктері

Атырау жастарының
даму бағдарламасы

Meet and Code



Осал топтарға көмектесу

Qolda бағдарламасы

Orle

Дауысыңыз маңызды



Азаматтарды тарту және тиімді басқару

Қоғамдық кеңістік

Мектеп ҰЕҰ

Әйелдер ҰЕҰ әлеуетін
өсіру бағдарламасы

Өзбекстандағы
азаматтық қоғамды
нығайту жобасы

Ұйымдастыруды дамыту
жөніндегі семинарлар



Әлеуметтік кәсіпкерлік

Жаркыра

01
02
03
04
05
06
07
08

Жастар және білім беру

CAYLA

Орталық Азия жастар көшбасшылығы академиясы (CAYLA) – Орталық Азия жас көшбасшыларының өзара әрекеттесуінің интерактив платформасы. CAYLA мақсаты – Орталық Азия жас көшбасшылары қауымдастығын қалыптастыру. CAYLA аясында қатысушылар жастарды, мүгедектігі бар адамдарды, білім беруді дамыту, экологияны, инклюзияны, әйелдер мен балалар құқығын қорғауды қолдайтын әлеуметтік жобалар жасап, дамытады. CAYLA жастарға XXI ғасыр машықтарын үйрету, байланыс орнату, көшбасшылық әлеуеті мен нетуоркинді кеңейту арқылы көмектеседі.



Бенефициар саны

450 жас



Географиясы

Қазақстан, Өзбекстан,
Түркіменстан



Жобаның ұзақтығы

2019-2024




Донор

АҚШ Халықаралық даму
жөніндегі агенттігі (USAID)

Жастар және білім беру

Келешек техниктері

Заманауи жабдықтары бар дәнекерлеу шеберханасының арқасында колледж студенттері дәнекерлеу машықтарын ұштап, халықаралық World Skills сайыстарына қатысып, жұмысқа тұра алады.



**Бенефициар
саны**

30 студент, 4 оқытушы



Географиясы

Ақмола облысы Атбасар
қаласы



**Жобаның
ұзақтығы**

2021



Донор

Alstom компаниясы




*“Жұмыс іздегенде қиындыққа тап болған әйелдерді көрдім.
Сұрақтарыма жауап іздеп Орталық Азия жастар
көшбасшылығы академиясына (САУЛА) құжат тапсырдым.
САУЛА аясында Алтынай Тәңірбергенмен әлеуметтік
кәсіпкерлер курсына оқып жүргенде туған қалам
Ташкентте әйелдер қауымына көмектесу жайында идея
келді. Әйелдердің жұмыс табуы мен өзін-өзі дамытуына
нақты мүмкіндік беретін Coozin деген платформа құру
туралы идея туды. Бұл идея әйелдердің жұмыс табуы
мәселесін шешудің озық балама жолы болып көрінді.”*

– Умматой Юлдашева
САУЛА алғашқы тобының түлегі

Жастар және білім беру

Атырау жастарының даму бағдарламасы

Атыраудағы Абай орталығының негізіндегі Жаспейс кеңістігі оқушылар мен жастарға STEAM бағыттары бойынша оқуға мүмкіндік беріп отыр. Білім беру әдістемесі жаратылыстану, гуманитарлық және инженерлік пәндерін біріктірген.



**Бенефициар
саны**

-



Географиясы

Атырау қаласы



**Жобаның
ұзақтығы**

2022-2023





Донор

Шеврон

Жастар және білім беру

Meet and Code

Балалар мен жастар бағдарламалық жасақтау, робот техникасы, цифрлық ортадағы қауіпсіздік және технологияны күнделікті өмірде қолдану жөнінде жаңа білім алды.



**Бенефициар
саны**

600 оқушы



Географиясы

Алматы, Атырау, Жезқазған,
Қарағанды, Қостанай,
Петропавл, Талдықорған,
Созақ ауданы



**Жобаның
ұзақтығы**

2020-2022



Донор

TechSoup

Әлсіз топтарға көмек

Qolda жобасы, пандемия салдарына жауап

Жергілікті қоғамдастықтар, еріктілер және
үкіметтік емес ұйымдар халықтың осал
топтарына көмек беруге қосымша ресурс
алды



**Бенефициар
саны**

Qolda 2.0 - 12 НПО, 27 752,
Qolda 3.0 - 16 НПО, 16 423.



Географиясы

Қазақстан



**Жобаның
ұзақтығы**

2020-2022



Донор

Шеврон

Әлсіз топтарға көмек

Orle жобасы

Әйелдер білім алғанының және қаржылай көмектің арқасында көкөніс өсіріп, қолөнер бұйымын жасап кіріс көздерін кеңейтті



Бенефициар саны

80 әйел және олардың отбасы мүшелері



Географиясы

Ақсай, Орал



Жобаның ұзақтығы

2021-2022




Донор

Шелл Қазақстан

Әлсіз топтарға көмек

Дауысыңыз маңызды

Жоба әйелдер мен жастарға мемлекеттік
қызмет алу мен мәселелерін шешуде онлайн-
құралдарды көбірек қолдануға көмектеседі



**Бенефициар
саны**

-



Географиясы
Қазақстан



**Жобаның
ұзақтығы**

2022-2024



Донор

Еуропалық Одақ



«Шымкентте алғаш рет отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көргендермен ғана емес, агрессор ерлермен де жұмыс өткіздік. Алғашқы қадам ретінде зорлық-зомбылықтан жәбір көргендермен жұмысты отбасындағы агрессормен жұмыс бағдарламасына түзету енгізу арқылы өзгерту керек».

– «Заң талабы»
құқықтық қорғау орталығы

Азаматтарды қамту және тиімді басқару

Қоғамдық кеңістіктер

Азаматтар өмір сүру ортасы үшін жауапкершілікті және ортақ мәселелерді шешуде ұжымдық азаматтық іс-әрекетке сенімді сезінеді. Саябақ, аллея, балалар алаңы сияқты тартымды қоғамдық кеңістіктер жергілікті биліктің басым назарында болады.



**Бенефициар
саны**

633 қатысушы, 7 200
жергілікті тұрғын



Географиясы

Атырау қ., Жылыой ауданы,
Боранқұла ауылы



**Жобаның
ұзақтығы**

2019-2022



Донор

Теңізшевройл



*«Мен – алғашқы қаланың тұрғынымын.
Бізге мынадай ғажап ойын алаңын
салып берді. Қатты қуанып жүрміз.
Бұрын достарыммен көрші ауылдың
ойын алаңызда ойнайтынбыз. Енді
үйдің жанында ойнап жүрміз. Осы
алаңды салған үлкендерге алғысым
МОЛ».*

– Жұманов Дастан
4-сынып оқушысы

Азаматтарды қамту және тиімді басқару

ҰЕҰ мектебі

20 ҰЕҰ мемлекеттік органдар мен ірі ҰЕҰ мектебінде оқи бастаған соң 500 мың теңгеден 1 миллион теңгеге дейін қосымша қаржы ұтқан. Қатысушыларға өтінім бұрынғыдан көбірек түскен – жарты жылда 13 ұйым 41 өтінім берген.



Бенефициар саны

22 ҰЕҰ жетекшісі, 7 500 жергілікті тұрғын



Географиясы

Атырау қаласы мен Атырау облысы



Жобаның ұзақтығы

2021



Донор

Теңізшевройл

Азаматтарды қамту және тиімді басқару

ҮЕҰ мектебі

"ҮЕҰ мектебі" бағдарламасы аясында Қазақстанда алғаш рет ҮЕҰ-ға арналған әлеуметтік жобаларды мониторингілеу және бағалау бойынша нұсқаулық шығарылды. Бұл нұсқаулық коммерциялық емес ұйымдардың өз жұмысында практикалық қолдануы үшін жазылды. Авторлар дәстүрлі түрде көптеген ұйымдар үшін қиын және түсініксіз бағалау тақырыбын, логикалық шеңбер құралын мүмкіндігінше қарапайым және қысқа етіп ұсынуға тырысты. Ол үшін бағалау практиктерінің визуализациясы, суреттері мен кеңестері бар арнайы әзірленген оқу құралының дизайны қолданылды.



ҮЕҰ үшін практикалық нұсқаулық
ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ
БАҒЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ



Авторлар

Айгуль Тагатова
Динара Нурушева



Редакторлар

Фатима Джандосова
Бахытгуль Ельчибаева
Ринад Темирбеков



Донор

Компания Тенгизшевройл

Азаматтарды қамту және тиімді басқару

Әйелдер ҮЕҰ әлеуетін өсіру бағдарламасы

20 ҮЕҰ жаңа донор мен серіктестік тауып
ұйымдастыру беріктігін нығайта алады



**Бенефициар
саны**

-



Географиясы

Қазақстан, Қырғызстан,
Тәжікістан



**Жобаның
ұзақтығы**

2022-2024



Донор

Нидерланд Корольдігі елшілігі

Азаматтарды қамту және тиімді басқару

Жарқыра

2021 жылы «Жарқыра» бағдарламасы өткен жылдары әлеуметтік кәсіпкерлерге берілген процентсіз қарыздардың қайтарылған сомасын қайта инвестициялау арқылы жүргізілген. Бағдарлама бұл жылы грант түрінде жалпы сомасы 4,5 млн теңгені құрайтын 3 жобаға қолдау жасаған. Жаңа құрылған СП 12 адамды жұмыспен қамтып, бір жыл ішінде облыстың 550 тұрғынына көмек берген.



Бенефициар саны

3 грант алушы, 550 бенефициар



Географиясы

Атырау қаласы



Жобаның ұзақтығы

2021-2022



Донор

Теңізшевройл



Биыл мен Жарқыра бағдарламасына "Эмоционалды Интеллект шексіз" жобасын ұсындым. Жартылай финалға өтіп, бизнес акселераторға қатысу мүмкіндігіне ие болдым. Жарқыра бұл тек грант алу мүмкіндігі ғана емес, бұл БК үшін оқыту және қолдау ортасы екенін түсіндім. 2 ай ішінде біз стратегиялық жоспарлаудан бастап, Қаржы, маркетинг, көпшілік алдында сөз сөйлеуге дейін 4 модульдік оқытудан өттік. Мен бизнес-жоспарды өмірімде алғаш рет жаздым.

Теңізшевройл компаниясы мен Орталық Азияның Еуразия қорына әлеуметтік кәсіпкерлік саласында қолдау көрсеткені үшін зор алғысымды білдіргім келеді. Бүгінгі таңда бағдарлама қазақ тіліне аударылып, қазақ тілінде топтар ашылды. Біз балалардың бойындағы нәтижелерді қазірден көріп отырмыз. Олар біртіндеп өздерінің эмоцияларын анықтап, түсініп және басқарып үйренуде. Балалар біздің техникамызды мектепте қалай қолданатынын айтады. Сондай-ақ, балалардың жағымды жаққа қарай өзгергенін байқап жүрген ата-аналардың жүздеріндегі қуанышты көру біз үшін үлкен мәртебе

- Сауле Тюменова
«Жарқыра» жобасының қатысушысы


Азаматтарды тарту және тиімді басқару

ҮЕҰ ұйымдық дамуы

ОАЕК ҮЕҰ мен ұйымдардың әлеуетін арттыру үшін кеңестер мен тренингтер өткізеді.

Негізгі тренингтер:

- Стратегиялық жоспарлау
- Жобалық менеджмент
- Кадрларды басқару
- Гранттарды басқару, қаржылық талдау және менеджмент
- Фандрайзинг
- Сыртқы байланыс



2021 жылы тренингтер мен кеңестер алған ұйымдар саны

70+



Географиясы

Казахстан, Центральная Азия

Азаматтарды қамту және тиімді басқару

Ұйымдастыруды дамыту жөніндегі семинарлар

ОАЕҚ қызметкерлері мен оның серіктесі
Верум қоры ЕҚЫҰ – ҮЕҰ мен дағдарыс
орталықтарының серіктестеріне
ұйымдастыруды дамыту жөнінде вебинар
өткізді



**Бенефициар
саны**

-



Географиясы
Қазақстан



**Жобаның
ұзақтығы**

2021 жылғы қараша-
желтоқсан



Донор

Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ
бағдарламалар офисі

01
02
03
04
05
06
07
08

Орталық Азия Еуразия қоры азаматтарға қоғамдағы мәселелердің тиімді шешімін тауып, оларды ұлттық және аймақтық деңгейде өткізуге көмектесе отырып қоғамдық және жеке ресурстарды жұмылдырады

Контактілер

Барлық сұрақтар бойынша бізге хабарласыңыз:

Ринад Темірбеков

Қор директоры
rinad@ef-ca.org
+7 701 717 99 37

Динара Нұрышева

Даму жөніндегі менеджер
dinara.n@ef-ca.org
+7 777 439 99 90

